

**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ДАЛА ӨЛКЕСІ ТАРИХЫ ОБЛЫСТЫҚ
МҰРАЖАЙЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ЖӘНЕ ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҰЛТТЫҚ
ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ АРАСЫНДАҒЫ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ**

«10» ақпан 2026 ж.

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, басшы **Терек Рауан Абдуллажанұлы**, бір тараптан және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, (бұдан әрі – Институт) атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, директор міндетін атқарушы **Тастанбеков Мурат Мейрбекович**, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, бірлескен қызметке ортақ мүдделілікті білдіре отырып, осы ынтымақтастық туралы меморандумға (бұдан әрі – Меморандум) қол қойды және төмендегілер туралы келісімге келді.

Осы Меморандумды орындау мақсатында Тараптар өзара ынтымақтастықтың мынадай бағыттарын айқындайды:

1. Ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту бағытында бірлескен жобалар мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
2. Бірлескен ғылыми экспедициялар, конференциялар, семинарлар, ғылыми симпозиумдар, көрмелермен өзге де іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
3. Мәдениет, тарих, өнер саласы және музей ісі бойынша ақпарат алмасу, бірлескен ғылыми зерттеулер мен жобаларды іске асыру;
4. Бірлескен ғылыми және ғылыми-көпшілік басылымдарды дайындау және басып шығару. Рейтингік басылымдарда бірлесіп жариялау және зерттеу нәтижелерін патенттеу;
5. Жетекші мамандармен консультациялар, дәрістер оқу, сабақтар өткізу және оқу жұмысының басқа да нысандары үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді бағдарламалар бойынша ғалымдар мен қызметкерлермен алмасу;
7. Іргелі, қолданбалы және іздестіру зерттеулері саласындағы ғылыми бағдарламалар мен жобаларды бірлесіп орындау;
8. Ұйымдардың сайттары мен БАҚ арқылы Тараптардың бірлескен қызметінің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету, зерттеу нәтижелері туралы бірлескен жарияланымдар шығару.

Қорытынды ереже

1. Осы Меморандум оған екі тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл ішінде не Тараптардың кез келгені оны бұзу туралы шешім қабылдаған сәтке дейін қолданылады. Осы Меморандумның қолданысы біржақты тәртіппен бұзу жолымен тоқтатылуы мүмкін. Осы Меморандумды бұзуға бастамашы Тарап болжамды бұзу күніне дейін 15 күн бұрын екінші Тарапты хабардар етуге міндетті, ол аяқталғаннан кейін Меморандум бұзылды деп есептеледі.

2. Егер Тараптар немесе Тараптардың бірі оның мерзімі аяқталғанға дейін 15 күн бұрын осы Келісімді бұзу туралы жазбаша хабарлама бермесе, келісім автоматты түрде келесі 5 (бес) жылға ұзартылады.

3. Тараптар бұл Меморандумды ниет декларациясы ретінде қарастырады. Бірлескен қызмет бойынша барлық заңды және қаржылық міндеттемелер жеке шартпен ресімделеді.

4. Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады. Кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалуға және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюға тиіс.

5. Осы Меморандумды іске асыру процесінде туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі. Даулар мен келіспеушіліктер, егер олар келіссөздер барысында шешілмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге тиіс.

6. Осы Меморандум 2026 жылдың 10 ақпан күні, заңды күші бірдей екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден жасалды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,
Түркістан обл., Түркістан қ. Әмір Темір көш., 53 А
БСН: 990340004423
Тел.:
E-mail: azret-sultan@mail.ru

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қостанай обл., Арқалық қ., Қозыбаев к-сі 30.
БСН: 020740001721
Тел.: +7 (714) 307-22-99
E-mail: arkalykmuseum@rambler.ru

Директордың м.у.а.



М.М. Тастанбеков

2026 ж.

Басшы



Р.А. Терек

2026 ж.